



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**«Педагогтің кәсіби шеберлігі»**

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының арасында өтілетін  
республикалық байқаудың ережесі

Орал қ., 2023 ж.

## «Педагогтің кәсіби шеберлігі»

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

«Педагогтің кәсіби шеберлігі» онлайн байқауы республикалық білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған. Ереже байқауды ұйымдастыру мен байқауға қатысу, өткізу тәртібін, әдістемелік қолдауын және жеңімпаздарын анықтайды.

### 2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### Мақсаты:

-педагогикалық қызметкерлердің ақпараттық мәдениетін, олардың кәсіби деңгейін, педагогикалық және компьютерлік ақпараттық технологияларын пайдалану дағдыларын арттыру;

-педагогтердің белсенділігін, дербестігін, креативтілігін және шығармашылық ізденісін ынталандыру.

#### Міндеттері:

-педагогтердің білім беру қызметінің сапасын арттыру;

-педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін және педагогикалық дағдыларын арттыруға үлес қосу;

-педагогикалық мамандықтың беделін арттыру;

-шығармашылықпен жұмыс істейтін, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген талантты педагогтерді анықтау;

-педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

### 3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің педагогтері (тәрбиеші, мұғалім, оқытушылар) қатыса алады. Байқауға қатысушылардың саны шектеусіз.

3.2. Байқауды ұйымдастыратын мекеме – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

### 4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Байқаудың нәтижелерін анықтау үшін сараптама комиссиясы құрылады.

4.2. Сараптама комиссиясының мүшелері ғылыми дәрежесі, лауазымы бар, еңбек өтілі 25 жылдан кем емес профессор оқытушылар құрамынан, республиканың алдыңғы қатарлы педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, өткен жылдардағы әр түрлі деңгейдегі біліктілік байқаулардың жеңімпаздарынан қалыптасады.

4.3. Сараптау комиссиясының атқаратын қызметі:

-байқаудың бағалау критерийлерін әзірлеу;

-қатысушылардың жұмыстарымен танысу;

-қорытындысын шығару.

Байқауды өткізу тілі: қазақ, орыс.

Өткізу форматы: онлайн.

Өткізу уақыты: 2023 жылғы 16 қазан-15 желтоқсан аралығы.

## 5. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

Байқау: 2 кезеңнен тұрады:

### 1 кезең:

Таныстыру кезеңі: «Менің портфолио – педагогикалық бейнем» педагогтің портфолиосын зерделеу:

*Портфолио Microsoft Power Point үлгісінде:* фотосурет, қатысушының өзі туралы ақпарат, шығармашылық жетістіктері, педагогтің сабақ және басқа да іс-шаралар барысындағы фотосуреттері. (Портфолио презентациясы 10-15 слайдтан аспауы тиіс).

### 2 кезең:

«Педагогикалық шеберлік қоймасы». Өткізілген ашық сабақтарының бірін бейне-сабақ ретінде жіберуі қажет (панорамалық сабақ, ұзақтығы – 7-10 минут).

Қатысушы педагогикалық портфолиосын, панорамалық сабақ және оның жоспарын мақала түрінде (3-5 бет) электрондық нұсқада келесі электронды поштаға жібереді: [konkurs\\_wku2023@mail.ru](mailto:konkurs_wku2023@mail.ru).

Өткізу мерзімі: **16.10.2023 ж.- 15.12.2023 ж.**

Байқау жарнасының мөлшері – **5.000** теңге.

Байқау жарнасын төлеу төмендегі реквизит бойынша қабылданады.

АеАҚ «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті»

090000, ҚР, БҚО, Орал қ.,

Н.Назарбаев даңғылы, 162

БИН: 000340002393

ИИК: KZ 176010181000011617

Қазақстан Ұлттық банкі, БҚФ

Орал қаласы,

БИК HSBKZZKX

Қатысу үшін берілетін өтінім (қатысу жарнасын төлеген түбіртеккі қоса жіберілуі тиіс).

Қатысушының аты-жөні (толығымен)	
Облыс, қала, аудан, ауыл	
Білім беру мекемесінің атауы	
1 дана 3x4 фото суреті	
Телефон номері, және эл.поштасы	
Тұрғылықты мекен-жайы	

## 6. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

6.1. Байқау нәтижесі бойынша жүлдегерлер анықталады (1, 2, 3 орын);

6.2. Байқау қатысушыларына қатысқандары үшін мақалалар жинағы, сертификаттар беріледі.